

С. Абжалов<sup>1\*</sup> , Б. Темірханов<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан қ.

<sup>2</sup>Анкара Хаджи Байрам Вели университеті, Түркия, Анкара қ.

\*e-mail: sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz

## АБАЙДЫҢ ОТЫЗ СЕГІЗІНШІ ҚАРА СӨЗІ ЖЕЛІСІНДЕ ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Абай Құнанбайұлының 45 қара сөзі бар десек, оның ішінде көлемі жағынан ең ауқымдысы отыз сегізінші қара сөзі болып табылады. Бұл қара сөздің мазмұнында арабша сөздер мен Құран аяттарын және Мұхаммед пайғамбардың хадистерін де кездестіруге болады. Абай Құнанбайұлы ақын, ойшыл әрі философ ретінде танылған. Алайда Абайдың қара сөздеріне үңілетін болсақ, оның дін мәселесінде де терең болғанын, сондай-ақ Алланың сөзі мен Пайғамбар хадистеріне өзіндік түсініктеме бергенін көреміз. Абайдың 38-қара сөзінде діни сауаттылыққа қатысты маңызды тұжырымдар көрсетілген. Бұл зерттеуде Абайдың 38-қара сөзі негізінде теологиялық, дінтанулық пайымдары сараланып, сол дәуірдегі діни сауаттылық деңгейі мен қазіргі кездегі жағдайға жан-жақты талдау жасалады. Абай өзінің қара сөзінде адам баласының діндарлығы мен діни сауаттылық деңгейінің өлшемін ұсынады және мұны Абайдың өзіндік формуласы деуге болады. Абай өзі өмір сүрген кезеңнің діни тұрғыдағы олқылықтарына көрсете отырып, діни сауаттылықтың маңыздылығына тоқталады. Мұны Абай ханафи-матуридилік дәстүрге сай екі тәсілде, нақли әрі ғақли жолдармен түсіндіруге талпынған. Зерттеуде басты қайнар көз ретінде Абайдың 38-қара сөзі негізге алынды.

**Түйін сөздер:** Абай, отыз сегізінші қара сөз, діни сауаттылық, Матуриди, Алланың атрибуттары.

S. Abzhalov<sup>1\*</sup>, B. Temirkhanov<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkestan

<sup>2</sup> Ankara Hacı Bayram Veli University, Turkey, Ankara

\*e-mail: sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz

### The problem of religious literacy in the thirty-eighth word of edification of Abai

Among the 45 words of edification of Abay Kunanbayuly, the thirty-eighth word of edification is the largest. In the content of this word of edification, one can find Arabic words, verses of the Koran, and hadiths of the Prophet Muhammad. Abay Kunanbayuly is recognized as a poet, thinker and philosopher. However, if we look at the words of Abai's edification, we will see that he was also deep in the matter of religion, and also gave his explanation of the words of God and the hadiths of the Prophet. The 38th word of Abay's edification contains important conclusions regarding religious literacy. In this study, on the basis of Abai's 38 words of edification, theological and religious views are distinguished, and the level of religious literacy in that era and the current situation are comprehensively analyzed. In his words of edification, Abay offers a measure of the level of religiosity and religious literacy of people, and this can be called Abay's own formula. Abay points out the religious shortcomings of the period in which he lived and emphasizes the importance of religious literacy. Abay tried to explain this according to the Hanafi-Maturidi tradition. The 38th word of Abai's edification was used as the main source in the study.

**Keywords:** Abai, thirty-eighth word of edification, religious literacy, Maturidi, attributes of Allah.

С. Абжалов<sup>1\*</sup>, Б. Темірханов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Казахстан, г. Туркестан

<sup>2</sup>Анкара Университет Хаджи Байрам Вели, Турция, г. Анкара

\*e-mail: sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz

### Проблема религиозной грамотности в тридцать восьмом слове назидания Абая

Среди 45 слов назидания Абая Кунанбайұлы самым большим является тридцать восьмое слово назидания. В содержании этого слова назидания можно найти и арабские слова, и аяты Корана, и хадисы Пророка Мухаммада. Абай Кунанбайұлы признан поэтом, мыслителем и философом. Однако, если мы посмотрим на слова назидания Абая, то увидим, что он был также глубок в вопросе религии, а также дал свое объяснение словам Бога и хадисам Пророка. 38-я слова назидания Абая содержит важные выводы, касающиеся религиозной грамотности. В данном исследовании на основе 38 слова назидания Абая выделяются богословские и религиозные воззрения, а также комплексно анализируется уровень религиозной грамотности в ту эпоху и современное положение. В своей словах назидания Абай предлагает меру уровня религиозности и религиозной грамотности людей, и это можно назвать собственной формулой Абая. Абай указывает на религиозные недостатки того периода, в котором он жил, и акцентирует внимание на важности религиозной грамотности. Абай пытался объяснить это согласно ханафитско-матуридской традиции. В качестве основного источника в исследовании использовалась 38-я слова назидания Абая.

**Ключевые слова:** Абай, тридцать восьмое слово назидания, религиозная грамотность, Матуриды, Атрибуты Аллаха.

#### Кіріспе

Қоғамда дінге бет бұрушылар саны артқан сайын дін мәселесі, оның ішінде діни сауаттылық мәселесі өзекті тақырыптардың біріне айналды. Себебі діни сауаттылық дегеніміз ұлттық қауіпсіздік мәселесімен тікелей байланысты. Соңғы уақытта діни сауаттылық мәселесі тек қана дінтанушы ғалымдар емес, сонымен қатар жалпы қоғамдық ғылым өкілдерінің назарын өзіне аудартып отырған маңызды мәселелердің бірі. Қарастырылып отырған тақырып бойынша қазақтың біртуар ақын, ойшылы Абай Құнанбайұлының 38-қара сөзіндегі діни сауаттылық туралы ой-пайымдарын дінтанулық-теологиялық талдау ұлттық діни таным тұрғысынан өзекті болып табылады.

Абай 38-қара сөзінде дін үйрену, дін ұстау, діни сауаттылық бойынша белгілі бір кітаптарды оқу керек немесе нақты мына дін адамынан білім алу қажет деген пікір ұсынбайды. Керісінше адам баласының дін бағытында сауатты болуы үшін оның жастайынан тәрбие алуы керектігіне баса назар аударады. Мысалы, Абай Құнанбайұлының ойынша, отыз сегізінші қара сөзде нағыз Алланы танитын әрі діни тұрғыда сауатты болудың ең бірінші шарты Алла Тағаланың ақиқатын танып, Оған шынайы иман ете білуде деп түйеді.

Жалпы Абайтану саласында соңғы уақытта арнайы зерттеуді қажет ететін мәселе ол Абайдың діни-теологиялық көзқарасы. Абайдың теологиялық тұжырымдары негізінен «Китабат-тасдиқ» деген атпен белгілі болған 38-қара сөзінен айқын көрініс тапқан. Бұл феномен Абайдың өмір сүрген уақыты мен кеңістігіндегі қазақ халқының діни тәжірибесі мен діни танымының да анықтамасы екендігі анық. Дегенмен осы сала бүгінге дейін әлі де ғылыми тұрғыдан таныла алмай келеді.

#### Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсат-міндеттері

Абай Құнанбайұлының қара сөздеріндегі теологиялық көзқарастары Орта Азия мен Қазақ елінде кең таралған матуриды ақида мектебіне негізделгені белгілі. Абайдың шығармаларында Матуриды, Иасауи, Әбу Ханифа сияқты тұлғалардың теологиялық ұстанымдары айқын көрінеді. Себебі қазақ халқы исламның ханафи мазһабындағы ел. Матуриды, Иасауи, Әбу Ханифа ілімдерінде махаббат басты ұстаным. Сондықтан адамдардың діни ұстанымдарына құрметпен қарап, құқықтарын сыйлауға шақырады. Осы ұстанымдар Иасауи мен Абайдың шығармаларының басты арқауы.

Абай Алланы, адамзатты махаббатпен сүюді нағыз дін, шынайы ғибадат ретінде танып иман келтіргендерді Хақтың досы, кемел адам деп таниды. Яғни, дін ол – махаббат деп түсіндіреді. Абай дүниетанымында иманның үш сатысы бар. «Иманның үш дәрежесін көңілге мықтап бекітпей, бұлар жеміс бермес. Істің басы–ретін танымақтық, Иман білмес тағатты қабыл демен. Мүмин болсаң, әуелі иманды бол, Пендеге иман өзі ашады жол» – деген Абайдың Иасауидің іліміндегі шарифат, тариқат және хақиқат мақамдарына сай иман дәрежелерін ашуға тырысқандығын көруге болады. Абай мұрасы арқылы қазақтың діни танымын анықтауға болады. Қазіргі таңда елімізде елдің тұтастығы мен ауызбіршілігіне, діни татулығына, ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіріп жүрген деструктивті топтар бар. Абайға дейінгі және кейінгі қазақ зиялыларының діни көзқарастарын зерттеу арқылы қоғамға жат діни идеологияларға қарсы тұруға болады.

Осы мақаланың мақсаты Абайдың 38-қара сөзі негізінде бүгінгі күні өте өзекті болып табылатын діни сауаттылық мәселесін Абайдың теологиялық ұстанымдары арқылы салыстырмалы сараптау болып табылады. Аталған мақсатқа жету үшін Абайдың теологиялық көзқарастары, соның ішінде діни сауаттылық мәселесі оның 38-қара сөзінің желісінде зерделеніп, Абайдың діни ұстанымдарына дінтанулық, исламтанулық талдау жасау арқылы қазақ мұсылмандық түсінігінің болмысын ашу міндеті қойылды.

### Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақалада Абайдың 38-қара сөзіндегі діни, теологиялық көзқарастары қарастырылып, оның қазақ философиясы тарихындағы орны айқындалады. Бұл бүгінге дейін толық танылмай келген «абайтану» саласының жаңа белесі болып табылады. Матуриди сенімдік мектебі мен Әбу Ханифа құқықтық ұстанымдары, Иасауи моральдық философиясы осы үш тұғыр, Абайдың теологиялық көзқарастарының негізі ретінде ғылыми, философиялық және дінтанулық методологиялық кешенде талданады. Зерттеу жұмысының методологиялық негізіне тарихилық пен объективтілік, сондай-ақ зерттеу жұмысында анализ-синтез, тарихи-салыстырмалы талдау, герменевтикалық тәсіл, феноменологиялық тәсілдер қатар қолданылады. Таңдалған мәтіндерге текстологиялық, герменевтикалық талдаулар жасалады.

### Негізгі бөлім

Абай Құнанбайұлы өз заманының қоғамдық жай күйін қара сөзінде баяндай келе, нағыз адамдық атқа лайық болудың алғышарттарын түсіндіріп өткен. Отыз сегізінші қара сөзде толық адам туралы, сондай-ақ діни сауатты болудың белгілі бір формуласы көрсетілген. Бұл мақалада біз діни сауатты болу мәселесін осы формула аясында қарастыруды жөн көріп отырмыз.

Адам баласы толыққанды адам болуы үшін ең алдымен ақыл есі болып, ғылым іздене алатын қабілетке ие болуы шарт. Ал Абай, мұндай бала діни білімді алудан бұрын әуелі оған ата-ананың тәрбие беруі керектігін айтқан. Бірден діни білімді емес, бірінші жалпы білім-ғылымға әуестендіріп баланың білімге өзі құмартқанша мұны жалғастыруы керектігін түсіндірген. Яғни қашан адам баласы ғылымға көңілі бұрып, іздене бастаса ол сонда ғана адамдық атқа сай болады. Сондықтан, Алланың ақиқатын танытуымыздың алғышарты ретінде ең әуелі ата-ана баланы білім-ғылымға баулып, ынтық қылумен бастайды (Оразалы, 2016: 247). Мұны Абай өз қара сөзінде былай келтірген: *«Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады»* (Құнанбаев, 1977: 185). Мұнда әуелі діни білімді үйренбей тұрып жалпыға ортақ ғылымға құмарту қажет екенін ұқтырып, дінге фанаттық түрде берілудің алдын алуда. Өкінішке орай сол кезеңнің өзінде балаға дұрыс тәрбие берілмей, ақыр соңында тәрбиесін дұрыстау мақсатында баланы молдаға бергендерді сынға алып, мұның пайда бермейтінін айту арқылы діни сауатты болудың алғашқы жіберілетін қателіктерін атап өткен.

Абай Құнанбайұлының меңзегеніндей адам өзін ғылымға бейімдейтін болса, сонда ол Алла Тағаланың ілімін таниды, өзін таниды һәм мына дүниені жақсы тани бастайды. Алайда ғылымнан өзін аулақ ұстаған немесе ұрпағын ғылымға әуестендірмеген ата-ана да ақынның сөзімен айтсақ, қиянатшыл адам ретінде сипатталған. Міне сондықтан қиянатшыл болған жан ғылымның хикметіне үңіліп қарамайды. Себебі, көңілге ғылым-білім мен Алла Тағаладан өзгеге махаббат қойып, мақсаты дүниеге берілу болса, ол ізденістің барлығы ақиқатқа жетелемейді. Бұған қоса ғылым үйрену бір жағынан адамның адамдығын толықтырса, екінші, адам ғылымды

үйрену арқылы өз Жаратушысын жақсы тани бастайды. Өйткені ғылым Алла Тағаланың сипаттарының бірі. Ал кімде-кім ғылымға шынайы көңіл бөліп, ізденіс жасайтын болса, ол адам мол сауапқа кенеледі әрі толық адам қалпына енеді. Ақынның тілімен айтқанда, адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмарлықтан келіп шығады. Сонда ғана алдына мақсат етілген ғылымды игеруі соңына дейін нәтижелі болады. Сол себепті ақынның адамдықтың кәмәләт таппағын сөз етуі, нағыз адами қасиетке ие болуы үшін көп кедергілердің болатынына ишарат болмақ (Мырзахметов, 1994).

Ғылым үйренуге махаббаты ашылған адам ғана ақиқатты іздей бастайды. Бұл жердегі ақиқат ұғымы Алла Тағаланы шынайы тану мағынасында берілген. Әрине ақиқатты білу үшін әуелі Иманның шынайы ақиқатын ұғу керек. Абай Құнанбайұлы иманның ақиқатын білу үшін Алла Тағаланың 99 есім сипаттары мен затия және субутия сипаттарын қоса білу керектігін алға тартқан. Мұнда адам баласы өзінің жаратылу себебін түсінуі үшін Жаратушыны тану арқылы өзін әрі мына әлемді тануы жайлы ой қозғалып отыр. Жаратушыны тану жолына келсек ол Алла Тағаланың пендесіне білдірген сипаттары арқылы ұғынылады. Сондай-ақ Алла Тағаланың кейбір сипаттарына пенделер де ұқсауға әрекет жасаса, бұл дұрыс амал болмақ. Әсіресе, бұл Жаратушының ғылым (әл-әлиим) деген сипатына ғашықтықпен бастау алуы керек. Мұны ұлы ақын былайша жеткізеді: *«Ол есім аллалар һәмма ол Алла Тағаланың фиғыл газимләрінің аттары (сипаттары), олардың мағынасын біл һәм сегіз сифат затиялары не деген сөз, кәміл үйрен. Өзіңді оның құлы біліп, өзіңе муслим ат қойып, тәслим болғаныңа раст боласың да. Өз пиғылдарыңды соған өз халиңше ұқсатуды шарт қыл. Алла тағалаға ұқсай алам ба деп, надандықпен ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ – дәл бірдейлік дағуасыменен емес, соның соңында болмақ»* (Құнанбаев, 1977: 188).

Абай Құнанбайұлы бұл жерде қазақ қоғамының ақиқатты үйренерде алдымен жаратқан Алла тағаланың есім-сипаттарын өз бойында шындап, Оның сипаттарын жеке-дара ұғыну керектігін айтады. Ия, қате түсініп қалмас үшін пенде ол сипаттарға ұқсауға тырысуы дәл солай болуға алып келмейтінін сөз етеді. Мұндай тұжырым имам Ғазалидің «Ихия-и Улумид-Дин» және хадис кітаптардағы «Алланың ахлағымен ахлақтаныңыздар» сөзіне өте ұқсас әрі мәндес келеді. Мұны кеңінен түсіндірер болсақ, бұл

мінезделу Жаратқанның тәкәппар, құдірет сипаты емес, керісінше, Оның кешірімшіл (ғафур), мейірімді (рахим) болу және біреудің айыбын әшкере жасамау (саттар) т.б. сияқты мінездерімен өз бойын толықтыру арқылы Алла Тағалаға жақын құл болу жолын ұсынады. Тарихта белгілі болғандай, Айша анамыздан бірнеше сахаба келіп, пайғамбарымыз қандай еді деп сұрағанда, оларға «сіздер Құран оқымайсыздар ма? Оның мінезі Құран еді ғой» – деп жауап қатып, Мұхаммед пайғамбардың мінезін Алла Тағаланың кәләмына сәйкес екенін жеткізген. Сол себепті тек тілмен сендім (әмәнту) деу нағыз мұсылман етпейтінін біліп, Алла Тағаланың ұлылығын сезінуге және соған сай амал етуге шақырған. Мәселен, Аллаға иман еттік деп өзін мұсылман ретінде сезініп, бірақ та сипаттарына қайшы әрекеттер жасаса, онда ол жерде бір кемшілік болды деген сөз. Қандай да бір жағдайда нәпсінің қалауымен әділетті немесе жағдайы бола тұра жомарт бола алмаса, онда ол адам Алла жолында болудың мәнісін ұға алмаған болады. Өйткені, әділетсіздік немесе өзіншілдік сияқты қасиеттер Құдайдың жолы емес. Абай Құнанбайұлы бұл жерде әрбір сипаттардың мән-мағынасын ұғуды мақсат тұтып отыр. Тіпті Алла Тағаланың есім-сипаттарын үйренуге талаптанған құлдың Жаратқанның хикмет сырларын үйрене бастауы десек те артық болмас. Себебі Жаратушы ие ешқандай сипатқа мұқтаж емес, керісінше, пенделері оны тануға мұқтаж. Егерде адамдар оның осы сипаттарының мәнін түсіне алмаса, онда оны толық тани алмайды. Міне, ақын Абайдың тұспалдап отырған адамның зати-субути сипаттарға қанық болып, нағыз мұсылман атына сай болады дегені осыны аңғартады (İmam Beyhaki, 2019: 418).

Абайдың дүниетанымы жаратылған болмыс атаулыдан мән іздеуімен ерекшеленеді. Оның «Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін» деген өлең шумағында әлемнің, адамның, тіпті жаратылған барлық болмыстардың мәніне, түпнегізіне үңіледі. Алайда, Абай мына әлемді форма яки феномен ретінде емес, Жаратушының маужуд яғни Бар және Бір екендігінің белгісі ретінде қарайды. Себебі Абай, Иасауи жолының мұрагері болатын. Ол өзінің жетінші қара сөзінде де дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білуді адамдық парыз ретінде көрсеткен. Абай, “Мекен берген, халық қылған ол ләмәкән, түп иесін көксемей бола ма екен?”- дейді. Демек, оның ойынша, адамның адамдығы оның “түп иесін” тануына

деген ұмтылысынан көрінеді. Осы түп иені табу немесе тану қалб (жүрек) арқылы жүзеге асады. Яғни, Абай ілімінде танымның объектісі – жүрек. Өйткені, Абайдың түсінігі, Иасауидің хәл іліміндегі құдайлық танымға (мағрифатулла) негізделген. Демек, оның құдайлық танымы – сопылық дүниетаным категориялары мен түсініктерінің тарихи даму процестерімен тұтастықта өрбиді. (Кенжетай Д, 2008: 284)

Ислам дінінің ең маңызды тіректерінің бірі иман-итикад мәселесі. Алла Тағаланы тануда сипат екіге бөліп түсіндіріледі. Олар – зати алты сипат және субути сегіз сипат. Зати сипаттар Аллаһтың затымен бірге болып, одан бөлек жарып қаралмайтын сипаттарға айтылады. Зати сипаттар – Аллаһтың ұлылығын, кәмілдігін, бүкіл нұқсан сипаттардан пәк екендігін білдіреді. Зати сипаттардың төмендегідей алты түрі бар: 1) Ужуд (бар болу), 2) Қидәм (әуелі, бастауы жоқ), 3) Бәқа (мәңгілік), 4) Уахданият (жалғыз, бір болу), 5) Мухаләфәтун лил хауадис (кейіннен жаратылған нәрсеге ұқсамау), 6) Қиям бинәфихи (өздігінен бар болу, мұқтаж болмау). Ал субути сипаттарға келер болсақ олардың саны сегіз: 1) Хаят (тірі болу), 2) Ілім (білуші), 3) Сәмиғ (естуші), 4) Басир (көруші), 5) Ирада (қалаушы), 6) Құдірет (құдіреті күшті Жаратушы), 7) Кәләм (сөйлеуші), 8) Тәкуин (жаратушы) (Сейтбеков С, 2011: 249). Сенімдегі бірнеше исламдық ғалымдар Жаратушының субути сипаттарына түрлі түсініктер берген. Мысалы, имам Ашғари сынды ғұлама Алланың субути сипаттарын жетеу деп түсіндірсе, Ханафи мазхабының сенімдегі ірі өкілі имам Матуриди мұны сегіз екендігін айтқан. Бұл жердегі айырмашылық «Тәкуин» сипаты болып, Ашғарилер аталған сипатты Құдірет сипатының ішінде қарастырған. Ал имам Матуриди болса бұл сипатты бөлек қарастырылуын жөн санаған. Бұған дәлел ретінде Құрандағы «кун» яғни, «бол» деген етістігі арқылы Алланың бол деген сәтте бұйрығының орындалатындығы көрсетілген (Ebû Mansûr el-Mâturîdî, 2017: 126).

Зати сипаттар тек Алла Тағала ғана тән. Ол жаратылғандардың ешқайсысына таңылмайды. Ал субути сипаттар Алла Тағалаға да, өзге тіршілік иелеріне де қолданылады. Алайда біз субути сипат ретінде танитын сегіз есім сипаты тіршілік иелеріне қарағанда басқаша сипатталады. Айталық, Жаратушының ғылым сипаты шексіз. Оның ғылымында ғапылдық не кемшілік жоқ. Сондықтан оны ақын шексіз ғылым құдірет иесі деп баяндайды. Шындығында,

Жаратушының ғылымы шексіз, ақын тілімен айтқанда Алла Тағаланың ғылым сипатының еш соңы болмайды. Яғни пенденің іліміне ұқсап ұқыпсыздық, немқұрайлылық, ғапылдық танытпайды, Ол мұндай кемшілік жағдайларына дұшар болмайды. Мұндағы Абай Құнанбайұлының қолданысындағы **تَفَنُّغ** (ғәфлат) ғафлат сөзі сөздікте зейінсіздік, немқұрайлылық, ұқыпсыздық, бір сөзбен айтқанда ғапылдық мағынасында берілген (Kadir Güneş, 2011: 844).

Жаратқанның ұлылығын шынайы білу үшін Оның сипаттарына үңілу қажет екенін ұқтық. Ендігі кезекте ақын Алла Тағаланың сипаттарын түсіндіре келе әлемді әрі оның ішіндегілерді қандай керемет жүйемен жаратқанын түсіндіреді. Былайша айтқанда Абай Құнанбайұлы дінге көзсіз сеніп кетудің орнына ойлан, сенің жаратушың сені әрі мына әлемдерді де қандай үйлесіммен жаратты. Өзіңнің жаратылысыңның өзінде қандай жоғары үйлесімділік процесі жүріп жатыр. Міне осыған қарап ұлылықтың нағыз иесі кім екенін ұғын, бұдан кейін барып оның түсірген шарифатын оқы дегісі келіп тұр. Тіпті бұл жайында Абай атамыз сол кезеңде де, діни сауаттылық өз деңгейінде болмағанын ашына былай баяндайды: *«Оны көбі білмейді. «Тәфаккару фиғла илаһи» деген хадис шарифтің «инналлаһу йухиббул муқситин» деген аяттарға ешкімнің ықыласы, көңілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргенім жоқ»* (Құнанбаев, 1977: 196). Бұл жерде намаз, ораза сынды амалмен орындауды қажет ететін шарифат шарттарын айтып жатқан жоқ. Керісінше ең тиімді жолды ұсынып отыр. Бұл – әуелі Жаратушы Алланың шынайы мән мағынасын ұғын, сосын сол ұлылығына сай шарифат шеңберінде құлшылығыңды жаса дейді. Яғни Абай дінге қызығушылық танытқан әрбір адамға ең алдымен үлкен бетбұрыс жасап, қара сөзде келтірілген Алланың сөзі мен Пайғамбар хадисіне сай амал қылумен бастауды насихаттайды. Әуелі *«Тәфаккару фиғла илаһи»* дейді. Мұның мағынасы *«Жаратушының істеген әрекеттеріне назар салып, ойлан»*. Ал *«инналлаһу йухиббул муқситин»* деген аятта *«Алла Тағаланың турашыларды жақсы көреді»* – деп, туралықтан айнымай әр жағдайда әділ бола білгендерді Жаратушының ұнататынын жеткізген.

Отыз сегізінші қара сөзде Абай бұл жайлы кеңінен тоқталады. Бұған мысал ретінде мына мәтіндеріне үңілсек жеткілікті: *«Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар секілді тамақты*

өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, иісін алып ләззаттанғандай қылып, ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстінен тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, маңдай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе? Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?» (Құнанбаев, 1977: 193). Әрине бұл түсіндірмелер адам баласын қандай шеберлікпен жаратқан Алланы танудың бірінші мысалы. Сондай-ақ қара сөз мәтіндерінде тек қазақ тілді емес, қажетінше араб тілдерін де керемет қолдана білген Абай Құнанбайұлының мәжаз ұғымдарды қолданудың нағыз маманы екенін де байқаймыз. Араб тіліндегі мәжаз сөзі «аз сөзбен көп мағынаны ұғындыру тәсілі» дегенді білдіреді. Яғни ұлы ақын бұл сөздерін де «Саниғын сұңғатына қарап білесіз» яғни, «Жасаушыны жасағанына қарап ұғасыз» деу арқылы арабша мәжаз сөзбен түйіндеген. «Сәни'ун» араб тілінде жасаушы, істеуші, жаратушы, өндіруші мағыналарын береді. Ал «сун'атун» болса жасалған, жаратылған дегенді білдіреді. Олай болса, бұл сөздердің тіркесінен: «Жаратушыны жаратылғанға қарап білеміз» ұғымы шығады. Мұнда жасаушы әрине Алла Тағала болып тұр. Сұнғат та, жасалған яғни, ең керемет ақыл иесі ретінде жаратылған адам (Дәдебаев, 2015: 183). Ал мұны түсінгеннен кейін мына әлемдегілерді саналы адамзатқа қызмет қылғызған Алланың пендесіне деген махаббатын түсіну оңай болады. Бұл формуланың түйіні де Абайша айтар болсақ, былай бітеді: «Әрине сені кім сүйсе, Оны сүймектік қарыз емес пе?» (Құнанбаев, 1977: 195).

Сөз жоқ, Жаратушы адам баласын жануарлардан артық етіп жаратқанын көрсетті. Алайда айналамыздағыларды орынды пайдалануға да махаббаттың болуын ұсынды. Әрине, әрбір жануардың адам үшін жаратылғанын да сезінуге міндеттіміз. Ірі қараны сауып-ішіп, асыл тұқымын ет қылып, құстың етін азық қылып, қара жорғаны көлік етуде де мән болмағы осының сипаты. Бірақ адам баласы әлемдегі хайуан біткенді жау көріп, оны қанағатсыз етіп, тұқымын құртуға ыңғайланса, Жаратушының

оған берер азары да жетеді. Сондықтан пенде ретінде адам баласы хайуаннан бөлек тұратын басты белгісі – ақыл, ғылым, ғадалат. Мұндағы ақыл адамзаттың хайуаннан артықшылығын танытатын басты ерекшелік. Ал ғылым одан бөлек. Абай тілімен сөз етсек «ғылым – Алла Тағаланың бір сипаты, ол ақиқат» (Құнанбаев, 2014: 152).

Ақын адамның ең алдымен өзін одан кейін мына әлемді тануы үшін Құран мен хадистен мысалдар ұсынды. Мұны діни терминде біз нақли дәлел деп те атаймыз. Ал енді ақынның ақли дәлелінің бірі – Алла тағаланың шексіз ғылым иесі екендігі. Екінші, дүние жаратылғалы бері мына әлемнің теңдессіз керемет бір жүйеде жұмыс атқарып келе жатқандығы. Өз кезегімен жансыз нәрселер жанды жануарлар қоректенетұғын азық болса, жанды жануарлар да ақыл иесі адамдардың пайдасына жаратылған. Яғни әлемдегі әрбір жаратылысты кездейсоқ деп айтуға болмайды. Абай Құнанбайұлы ғылымға көңіл қойып, ғашық болуды әуелі Алла Тағаланы тануға деген махаббатынан бастайды. Мұны ақын қара сөзде мағрифатулла деп жазады. Сонда Ханафи мазхабының сенімдік бағыттағы имамы Әбу Мансұр Матуридидің ұстанымдарымен Абай Құнанбайұлының иманның ақиқатын түсіндіру жолдарындағы ұқсастыққа қарасақ ақынның Ислам сенімдік ілімінен де мол сусындағанын аңғарамыз. Имам Матуриди Алланы ақыл жолымен тануды уәжіп деп санайды. Егер Алла Тағала ешқандай елші жібермегенде тағы да пенденің ақылы арқылы Жаратушының бар және бір екенін, Оның ұлылығына сай сипаттарының бар екенін ұғынуы тиіс болатын. Өйткені, бұларды білуде алғашқы ұстын ақыл болып тұр. Сондықтан уахидан хабары болмаған кісінің Жаратушыны танымаса болады деген сияқты пікірлерге жол берілмейді. Ал Алла тарапынан жіберілген елшілер құлшылықтардың ережелері мен сипаттарын, бұған қоса шарифатты үйренуде қажет болады (Topaloğlu, 2021: IV, 112). Тіпті уахидан хабары бар пенделерің де Алла Тағаланы тануы ақли дәлел арқылы ойға тез қонымды болуы мүмкін. Ақынның айттып отырған ақли дәлелі де, Құран мен сүннет шеңберінен тыс әлемдегі болып жатқан адамның қатысынсыз керемет жүйенің жаратушысын іздеу тәсілі. Бұл әдісті Алла Тағала Құран Кәрімде «Ей, ақыл иелері, ойланбайсындар ма?», «түйенің қалай жаратылғанына және аспанның қалай жоғарылатылғанына (тірексіз) үңіліп назар салмай ма?» деген аяттар арқылы әлемдегі

әрбір жаратылысты түсіндіріп, бұлардың жаратушысы шебер Алла Тағала екендігіне ақли дәлелдер ұсынады. Абайдың көзқарасында әлемде сансыз жаратылыстар болса, соның ішінде адам жаратылысының мақсат-мұраты көп әрі ұлы екені ұғындырылады. Яғни мұнда ақын жаратылыстарға берілген нығметтер мен олардың критерийлеріне қарап Алла Тағаланың адамға деген махаббаты ерекше екенін түсіндіргісі келеді (Мырзахметов, 1993: 136).

Адам баласының әлемдегі ең көркем жаратылысы екенін нақли және ақли дәлелдер арқылы түсіндік. Басқаша айтқанда Алланың пендесіне деген махаббатын ұғындық. Алайда Алла Тағаланың пендесіне берген нығметінің бәрін бір жүйеде жаратқанын Абай былайша баяндайды: *«Ақыл көзімен қара: күн қыздырып, теңізден бұлт шығарады екен, ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дәндерді өсіріп, жемістерді өндіріп, көзге көрік, көңілге рахат гүл-бәйшешектерді, ағаш-жапырақтарды, қант қамыстарын өндіріп, неше түрлі нәбатәттәрді өстіріп, хайуандарды сақтатып, бұлақтар ағызып, өзен болып, өзендер ағып дария болып, хайуандарға, құсқа, малға сусын, балықтарға орын болып жатыр екен. Жер мақтасын, кендірін, жемісін, кенін, гүлдер гүлін, құстар жүнін, етін, жұмыртқасын; хайуандар етін, сүтін, күшін, көркін, терісін; сулар балығын, балықтар иқрасын, хатта ара балын, балауызын, құрт жібегін – һәммасы адам баласының пайдасына жасалып, ешбірінде бұл менікі дерлік бір нәрсе жоқ, бәрі – адам баласына таусылмас азық»* (Құнанбаев, 1977: 194).

Бүкіл нығметтің иесі болған Алла, пендесінің өмір сүре білуі үшін де таусылмас азықтар жаратты. Құдды бір үйге қонаққа барғанымызда әу баста келгеннен қошемет көрсетіп, дастарқанды бізге ұсынғанындай... Тіпті Құранда Алла Тағала шүкіршілік етсеңдер нығметімді арттыра беремін дейді. Әрине осыншама таусылмас нығметке бөлеген Иесіне шүкіршіл болмаған құлдың әрекеттері де құптарлық іс болмас. Мұны ұлы ақын *«Сахиб ниғметке шүкіршілігің жоқ болса, әдепсіздікпенен күнәкәр болмайсың ба? Екінші – бұл жолдағылар қор болып, дүниеде жоқ болып кету де хауі бар»* деп, нығметтің иесі болған Аллаға қарсы келудің нәтижесі тым ауыр болатынын айтқан (Құнанбаев, 1977: 199). Сонда ақын бүкіл адам баласындағы нығметтердің иесіне, яғни Алла Тағалаға шүкіршілігі болмаған кісі күнәға бой алдыратынын жазады. Мұндай жолды ұстанатындарда һәм әділдік те байқалмайды.

Тіпті Абай Құнанбайұлы адам өмірі жақсылық жасаудан жұрдай болса, ондайларға өмірді жарты дүние мәселесінде қарайды. Тіпті ғұмыр өзі ақиқат деп, соған сай әділдікті көздей алмағандардың бойында кәмәлат жұтаң екенін түсіндіреді (Палтөре, 2012: 232).

Алла Тағала өзі адам баласын ардақты, құрметті етіп жаратты емес пе?! Көбіне өмірдің күйбең тіршілігіне араласып немесе өмірдегі мақсатын айқындай алмай жүргендерге Абай Құнанбайұлының қара сөзі де жоғарыда айтылған ойға орай «Өмір заңдары» секілді. Өлшеулі өмір кімге болса да артық не кем берілмеген. Бәрінің уақыты бар. Сол өлшеулі уақыт аралығында адам баласына берілген нығметтер де сан алуан екенін көреміз. Яғни айналадағы әрбір жаратылыстың өзіндік хикмет-себебі бар. Дана Абай Құнанбайұлының қара сөзіндегі ұғымының тағы бір астары Құран Кәрімнің мына аятында ұсынылғандығын аңғарамыз: *«Әрі сендерге өзінен сұраған нәрселеріңнің бәрінен берді. Егер Алланың нығметін санасаңдар, санына жете алмайсыңдар. Расында, адам баласы өте ынсапсыз, аса шүкірсіз»* (Исмайл Чалышқан, 2016: 87). Сондықтан болса керек адам баласының Алла Тағала жаратқан тіршіліктің дерлік барлығы пайдасы үшін жасалып, олардың ешбіріне нұқсан келтірмей, иелік етпей, меншіктенбей тиімді пайдалануды есіне салады. Жаратқанға деген махаббаттың тәмсілі алғаш Алла Тағаланың пенделері арасында айқындалған. Яғни Алла тағала мына әлемді жаратқанда адамға ерекше махаббат танытқаны айтылған. Сондықтан Абай Құнанбайұлының араб тіліндегі ұғымдарды бұлжытпай «тафаккаруу фиғла-иләһи» деп айттып, жаратушының іс-әрекеттерін еске түсіреді. Расында, барлығы адам баласының пайдасы үшін жаратылған жан-жануарлардың өзі бір жерде орналасып қалмай, бірі суда, бірі орманда, ал енді бірі жартастарда тіршілік етуге бейімделген. Осы ретте Абай Құнанбайұлы бізге таң қалатын тағы бір жағдайға назар аударуды ерекше атайды. Ол Алла Тағала жануарларды жаратқанда бір-біріне қажеттілік сезімдерімен бірге жаратқан. Яғни адамзатқа азық боларлық жануарлар өздігінен көбейіп, адамдардың азықтарының азаюына деген қорқыныштарын біршама сейілткен. Әрине, мұндай жүйені жасаған жаратқанның хикметтерінде әділдік пен мейір-махаббат қатар көрініс табады. Олай болса осынша нығметті ихсан қылған Алла Тағаланың жаратқандарына қиянатшылық жасамау – пенденің басты міндеті болмақ. Ал егер жамандық жасауға ниеттенген

кісі болса, онда ол өзі мұсылмандықтан ада немесе шала мұсылман сипатында болып жүргені (Ғарифолла Е, 1994: 137).

Ақын келтірген хайуандарды асырайтын жансыз табиғатты (өсімдіктерді) негізге алып, олардың жаратылғанын сипаттап, ал хайуандардан адам баласының ақыл иесі етіп, оларға асырауға жаратылған жанды хайуандардың махшарда – діни ұғымда ақыретте сұрау салынбайтынын да айтып жеткізеді. Оған қоса ол өз тұжырымында қарапайым адамның жаратылысына сырт көзбен қарап, өзінің асқан таңданысын жеткізе келе, сол хайуандарды да адам баласы асырайтынына әрі олар сол үшін ақыретте сұралатынына ерекше мән беріп, қажет болғанда пайдалана алатынын ескертеді. Абай Құнанбайұлының айтып отырған таңданыстарының бірі – Алла Тағаланың Құран Кәрімдегі «Егер менің нығметтерімді санауға кірісе қалсаңдар, есебіне жете алмайсыңдар» деген аяты («Нахл» сүресі, 18-аят). Өмірде біреу өзі қызығатын ісіне өте мұқият қарап, соған барынша махаббатпен мейірлене жұмыс жасайды. Ал бұл жаратқанның жанында түкке тұрғысыз. Абай, Алла Тағаланың адамды қалай жаратқанына қарап, Оның пенделеріне деген махаббатын көкірегі ояу жандар ешбір себепсіз түсіну керектігін меңзейді.

Ақыл иесі пенденің ғылымға көңіл бөліп, Алланы тануы үшін оған махаббат қойса, сонда Алла Тағаланың пенделеріне салған жолы қайсы? Бұған да ақын Алла Тағаланың сипаттары арқылы жол ұсынған. Ол – *«иман құр инанышпенен болмайды, гадаләт уа рафғат бірлән болады»* – дейді (Құнанбаев, 1977: 197). Яғни жаратқанның сипаттарына өзімізді адами түрде ұқсатуға тырысып, әділеттілік пен жақсылық жасау сияқты қасиетке ие болуымызды меңзейді. Бұл жөнінде Абай Құнанбайұлы адам баласын Құранның ізгі амалдар (ғамалус салих) жасау жайындағы аяттарына бағыттап тұр. Сонда біз жақсылық жасауға не үшін міндетті екенімізді ұғамыз. Қарапайым өмірде ішімізден «біреу бізге жақсылық жасамаса, мен оған не үшін пайдамды тигізуім керек» деген секілді Абайша айтар болсақ, өмірде гадаләт пен рафғат сынды сипаттардан жүрдай болып жатамыз. Сондықтан, діни сауатты болудың жолын Абай осындай формулалармен тізбектейді. Бұл жайлы ақын мына Құран аятына сүйенген: *«Уа әммәлзина амәну уәғамилус салихати фәйуәффийһим ужурәһум уаллаһу лә йүхиб-буз-залимин»*. Аяттың мағынасында «иман етіп,

ізгі амал жасағандарға мол сауаптар беріледі және Алла Тағала зұлымдық жасаушыларды мүлдем сүймейді» – деп, мұның Алла Тағала тарапынан келген иләхи бұйрық екенін баяндайды. Тіпті ізгі амал жасайтын пенделердің әділеттілік сипатынан алшақтағанын білдіріп, *«кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның хаясы жоқ, кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ деген, пайғамбарымыздың салаллаһу ғалайһи уәссәлләмнің хадис шариғи «мән-лә хаяун лаһу» деген дәлел дүр»* деген сөзі арқылы адам баласын қоғам арасында жақсылық жасауға шақырған (Исмайл Чалышқан, 2016: 143).

Абай Құнанбайұлы бұл хадис пен аяттарды тізбектей келе, Алла Тағаланың залымдарды, жаман амал жасаушыларды ұнатпайтынын баяндайды. Яғни, ғамалус-салих – жақсы амал мен зұлымдық бір-біріне қарама-қарсы. Сондықтан зұлымдық жасаған адамда ұят болмайды, ұяты жоқтың иманы болмайды деп ой түйеді. Бәрі бір-бірімен байланысты болғандықтан, зұлымдық жасайтын адамның иманы жоқ не әлсіз деп айтуға негіз бар. Абай Құнанбайұлы айтып отырған ой түйіні Мұхаммед Пайғамбардың хадисімен «Ұят-иманнан, иманы жоқтың ұяты жоқ» дегені дәлел болатынын келтіреді.

Қысқаша түйіндейтін болсақ бір жаратқанға сендім, Алланың жаратқандарына қарап Оның ұлылығына әрі ақыл иесі етіп адамды махаббатпен жаратқанына пікір жүргіздім деген пендесіне түсетін келесі бір міндет – тек жақсы амалдар жасау болмақ. Тіпті иман құрғақ сеніммен болып әділет пен мейірімнен ада болса, мұнсыз намаз бен ораза да мәнсіз болып қалады. Бұл турасында Абайдың мына сөздері ойымызды толықтыра түспек: *«Енді белгілі, иман құр инанышпенен болмайды, гадаләт уа рафғат бірлән болады. Ғамалус-салих гадаләтті уә мархамәтті болмақ күллі тән бірлән қылған құлшылықтардың ешбірі гадаләтті, мархаматты бермейді. Көзің күнде көреді намаз оқушы, ораза тұтушылардың не халәттә екендіктерін, оған дәлел керек емес. Бәлки гадаләт барша ізгіліктің анасы дүр»* (Құнанбаев, 1977: 197).

Әділеттілік барлық істе көрініс табуы қажет. Адам әділдік иесі болған кезде онда ұят та, иман да болмақ. Яғни әділдік Алла Тағаланың есім-сипатының бірі екеніне назар аудару қажет. Сондықтан Абай Құнанбайұлының пікірлері ұштасатын Қожа Ахмет Ясауидің өзі де «кәпір болса да, оған зиян бермеу сүннет» болатындығын жеткізсе, сол адамдардың ұлты

мен дініне қарамастан барлығына әділдікпен қарым-қатынаста болғанда жақсылық болатынын түсіндіреді. Адам бойындағы ынсап, ұят секілді сипаттар тек әділеттілік болған кезде өз орнын таппақ. Бұл әсіресе, халықты басқару кезінде қатты көзге түседі. Сонда әділдікті таптамау үшін халықпенен санасып, бәріне тең дәрежеде қарау міндеттеледі. Тағы бір айта кететін жайт, Абай Құнанбайұлы бұл жерде өзінің шеберлігін қолданып, «хұлықыменен сол ойды (әділдікті) ойлаған кісі халлақыны шүкірді неге ойламасын?» деп турашылдарға өзіндік сипаттама береді. Яғни, хұлықы деп көркем мінезді кісіні айта келе, ондай жандардың халлақына шүкіршіл болтынын жеткізген. Халлақы дегенде жаратушысы сөзін меңзеп тұр (Kadir Güneş, 2011: 347). Абайдың бұл сөздері Хз.Мұхаммед пайғамбардың дұға ретінде үметіне үйретіп кеткен мына хадисіне тұспа-тұс келеді. Ол хадистің мағынасы мынадай: «Уа, Аллаһым, жаратылысымды көркем еткеніндей хұлықымды (мінезімді) да көркем ете гөр».

Шындығында, иман құрғақ сеніммен болмайды, әділеттілік пен (рафғатун – жақсылық) жақсылықтың арқасында болады. Ал ғамалус-салих – жақсы амал тек әділеттілік пен барлығына сүйіспеншілікпен қарауға негізделеді. Абай Құнанбайұлы иман құр сеніммен болмайтынын негізге алып, салих (жақсы, ізгі) амалдар құлшылықтар арқылы өлшенбейтінін әрі оның ешбірі әділеттілікті меңзей алмайды деп біледі. Бұған қоса қоғамдағы өзін намаз оқушы қатарына қосып, неше түрлі бейәдеп әрекеттерді қымсынбай жасаушылардың себеп-салдарын анықтап беріп отыр. Өйткені, намаз оқып жатқан пенденің сана биіктігі Абай атамыз үшін аса маңызды болып тұр. Сондықтан жақсылық жасаған адамда да мейірімділік пен әділдік сипат болса Аллаға деген сенімінде шынайылық пайда болады. Алланың ғылым, әділ және рақым атты сипаттарына пендесі де ұқсауға ижтихад етсе, діни тұрғыда сауатты мұсылман болып, адамдығы кәмәлат табады. Бұларға ижтихад жасағандардың өз кезегімен әуелгісі: Пайғамбарлар, әулиелер, хәкімдер және кәміл мұсылмандар. Сонда ғана құл діни де дүниелік те сауатты адам мәртебесіне ұласады. Енді бұларға қоса Абай, «жәуанмәртлік» деген бір термин қолдана отырып, бұл мына үш сипатты қамтитынын жеткізеді: сиддиқ, кәрәм, ғақыл. Бұл жерде айта кететін бір жайт, жәуанмәртлік сөзі Қожа Ахмет Ясауи ілімінің негіздерінде кездеседі (Әліпхан, 2020: 364).

Сиддиқ – шыншылдық, өтірік сөйлемеу және сөзде әрі істе әділ болу. Кәрәм – шарафаты мен көпке жақсылығы тию, дәулетті әрі қанағатшыл болу. Ғақыл – ғылымға тікелей қатысты және бұл ғылымның бір жанама аты болғандықтан ақылды дұрыс жолда қолдану адамдық борыш саналады. Абай Құнанбайұлы ғылым, рақым, ғадаләт, құдіретті сипаттарымен адам баласының діни сауаттылық жағынан толық хәлге ие болатынын келтіреді. Адамзат қауымының мақсаты – ғылымды, рақымды, әділетті қоғам құру. Ол үшін «әділ адам» (Абайша «ғадалетті адам») тәрбиелеу! Халыққа кемел ғылым беру және рақым (мейірім) сезімін ояту жөніменен «Әділетті қоғам орнату» идеясын алғаш рет ғылыми негізде ашықтап берген ғұлама – қазақтың Абайы! Себебі Абай Құнанбайұлының бұл үш қасиеті арқылы жеткізбегі Алла Тағаланы тану, оның адам баласы үшін сүйіспеншілігін ашып, махаббатын көрсету, әділетті қоғам қалыптастыру (Мырзахметұлы., Шойынбет., Әліпхан, 2009: 140).

Жаратушының аталған сипаттарына пендесінің ұқсауға тырысуы қажет дедік. Алайда бұл сипатқа ие болған пенделерді дүние тіршілігінен бас тартқан жандар деп қабылдамауымыз қажет. Тіпті дүниелік істерге беріліп жаратушысына шүкірді ұмытқандарды мысал берген соң, Абай Құнанбайұлы тіпті әулиелердің барлығы да тәркі дүние болмағандарын Ислам тарихынан сөз қозғап еске түсіреді. Онда тақуалыққа бой алдырып, әулиелікке ден қойғандардың барлығы байлықтан, биліктен бастартқан жоқ дейді. Қара сөзде мысал ретінде Мұхаммед пайғамбар кезеңіндегі жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның ішінде Хз. Осман, Абдурахман бин Ауф және Сайд б. Абуаққас сияқты сахабалардың да дүние жинаған байлар болғанын баяндаған. Сонда ақын жәннатпен сүйіншіленген жандардың да дүние-мүлікке ие, яғни дүниеге берілмей жаратушысына деген шүкірлікті ұмытпай, құлшылықтарын саналы түрде орындаған адамдардың барлығын айтады. Абай Құнанбайұлы сол кезеңдегі дін үйренемін деп әр қайсысы тариқатқа кіріп, дүниеден баз кешкендердің әрекетін құптамаған. Керісінше мұсылмандардың жаппай ақыретті ойлап, дүние ғылымынан бас тартқанда дүние ойран болар еді деп ой түйеді.

Ғылым іздеу арқылы өнер иесі боламыз. Өнер арқылы да мал табамыз. Адам баласының өнерлі болуы да бір жағынан ихсанды (қайырлы) іс. Бірақ бұл шарғыға муафих болуы шарт.

Ақынның қара сөзде мал табу жайлы пікірінің мәнісі осы. Сондықтан да Абай Құнанбайұлы ғылым мен дүние жинау мәселесін айтуда өз ойын «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз» – деп түйеді (Құнанбаев, 2005). Мұндағы мал бағуы мен ғылым бағуы қоғамдық әлеуметтік мәселелердің бірі. Әлеуметтік әрі ғылыми маңызға ие болған дүниелерде ермек үшін емес, одан керегін кәдесіне жаратсын деген ұғымды басшылыққа алады. Білімді алғанда өзгелерден көш бойы озық тұру маңызды емес, ақиқатты тануы, яғни өмір талабына сай қалыптасуы, ғылыми көзқарасы болуы, сондай-ақ салауатты да салихалы азамат болуы маңызды деп біледі. Дүние де, мал да еңбекпен келеді, алайда ғылымға ерекше көңіл бөлудің жөні бөлек екенін атап, дүние мен мал материалдық байлық, ал ғылым рухани һәм танымдық байлық екенін ұсынады.

Мақсатың жақсылық жасаушы, мейірімді әрі әділ болу болса Алла Тағаланың жолында болып, барлық жағдайға даналықпен қарайсың. Ал уақыты шектеуліге (дүниеге) махаббат қойып, аталған сипаттарған алшақтасаң Құдайдың жолынан адастың деген сөз! Демек, ақын бейнелеген «толық адам» шартты түрде берілген, яғни Құдай Тағалаға жетудегі шексіз жолға түсу, таза мұсылман болу.

### **Зерттеу нәтижелері мен талқылау**

Абай Құнанбайұлы отыз сегізінші қара сөзінде діни түсінік жайлы сөз қозғап, Алланы танудың маңыздылығын атап өтеді. Бұл орайда Алланы тану үшін бірнеше шарттарды жүзеге асырумен нәтижеге жететіндігін баяндап, осы арқылы дінге және дүниеге деген көзқарасты қалыптастырғысы келеді. Діни сауаттылық мәселесінде де Абайдың бірнеше маңызды тұстарға тоқталғаны байқалады. Отыз сегізінші қара сөздің мазмұнынан діни сауаттылық тақырыбына қатысты ережелер ұсынылғаны аңғарылады. Бұл тақырыптың ішінде қазақ қоғамы үшін иман, Алланы тану, Жаратқанның сипаттарын ұғыну арқылы қазіргі таңда белсенділік танытып отырған радикалды діни ағымдарға қарсы тұруда өзіндік иммунитет қалыптастыра алатын әлеует бар. Мысалы жат діни ағым өкілдерінің қоғам арасында бүлік тудырып, дінді басыбайлы намаз, Алланың орны және т.б. сияқты мәселелерге таңу арқылы жастардың діни тұрғыда түсінігін тар шеңбермен шектеп жатады. Бұл әрине ішкі

алауыздықтың тууына ықпал етеді. Осындай дінді сыртқы пішінмен ғана бағамдауға әрекет ететін ұстанымдарға қарсылық білдірген Абай Құнанбайұлы діни сауаттылық мәселесінде өзіндік Алланы танудың жолдарын баяндап, тіпті Алланың сипаттарын шынайы ұқпастан намаз оқушылардың ғибадатында мән жоқ екендігін атап өтеді. Қорыта айтқанда Абай Құнанбайұлы дінді тар қапастан шығарып, Алланың жаратқан мына керемет әлемін діни әрі философиялық көзқараспен қарауға шақырады.

Абай Тәңірді, адамзатты махаббатпен сүюдің нағыз дін, шынайы ғибадат ретінде танып иман келтіргендерді Хақтың досы, кемел адам деп таниды. Яғни, дінім – махаббат деп түсіндіреді. Бұл да Абайдың Иасауидің “абид болма, захид болма ғашық бол!” деген дәстүрдің мирасшысы екендігін көрсетеді. Алдымен Абай мұраларының ұғымдық кешеніне есек, мысалы Абайдың шығармаларындағы “ғишық” сөзі, сопылық дүниетанымда Ұлы Болмысқа деген махаббатты білдіреді. Оның “Сәңе “ғишқ” болып “кемтар”, сонымен қатар “Патша – құдай, сыйындым, Тура баста өзіңе...” дегендегі ғишқ, кемтар ұғымдары – сопылықтағы құдайлық махаббат және фақир, ғариб ұстанымдарын көрсететін Тәңірдің рухани инаяты мен нұрына қажеттілігі мен зәрулігін, оның мағынауи азығын аңсаушылықты сипаттайтын Иасауидің фақр философиясының ең басты категорияларын байқауға болады (Кенжетәев Д, 2020: 161).

### **Қорытынды**

Отыз сегізінші қара сөзде Абай Құнанбайұлы діни сауатты болудың бірнеше өлшемдерін атап өткен. Алайда мұндағы басты негіз, ең алдымен, пенде өзінің ой-санасын өзгертуден бастау алады. Сондай-ақ, ақын қоғамдағы адамдық қасиетке сын боларлық жағдайдарды баяндап, балалық шақта балаларға берілетін тәрбиенің маңыздылығына ерекше назар аударады. Дін – ол сенім мен тәрбиенің басты құралы.

Отыз сегізінші қара сөздің түпкі мәніне үңілсек, Абай толық адам идеясын көксеп, соған ұмтылудың жолдарын Құран мен хадис арқылы нақли әрі әлемдегі жалғасып отырған теңдессіз жүйені түсіндіру арқылы ақли (рационалды) дәлелдермен баяндаған. Абай адамшылық мәселесін ғамалус-салих, яғни ізгі амал принципінде шешкен. Бұл жерде Абай пайғамбарымыздың адамның жақсысы адамға жақсылық жасаған адам деген мағынадағы хадисіне сүйенген.

Абай Алланы тану үшін оның сегіз сипатының ішінен ғылым сипатына ерекше тоқталып, сол ғылым арқылы жаратушыны тануға шақырады. Ғылым жолы, ғылым үйрену мал, жан аямайтын, ақиқатқа жеткізетін жалғыз жол. Алланы шынайы махаббатпен сүйіп, білім, ғылым, сенімді қатар ұстау адам баласын иақини иман деңгейіне жеткізеді. Иақини иман дегеніміз соқыр сенім мен еліктеуден ада, өз ақыл-парасатымен Алланы тану болып табылады. Бұл діни сауаттылықтың ең жоғарғы көрсеткіші және діни фанатизмнен аулақ болудың бірден бір жолы.

Абайдың қара сөздері мен өлеңдеріндегі діни, имани құндылықтарды терең зерттеу және оны қоғамда кеңінен насихаттау діни сауаттылық

мәселесінің оң шешіліп, жастардың діни санасы мен діни танымын қалыптастыруда берері мол болмақ. Ал Абайдың толық адам туралы, жалпы адамшылық және оның өлшемдері туралы көзқарастары қазіргідей тез өзгеріп жатқан әлемде ұлттық рухани құндылықтарымызды сырттан келген жат діни идеологиялардың ықпалынан қорғау үшін жүйелі академиялық зерттеулердің нысанына айналу қажет.

### Алғыс сөз

Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (Грант № AP19680093).

### Әдебиеттер

- Ғарифолла Е. (1994) Хакім Абайдың даналық дүниетанымы. – Алматы: Атамұра. – 200.
- Ebû Mansûr el-Mâturîdî (2017) Kitâbü't-Tevhîd. (Bekir Topaloğlu, Muhammed Aruçi). – Ankara: Tүркия діни қоры баспасы. – 580.
- İmam Beyhaki (2019) Allah'ın İsim ve Sıfatları. 1024 sayfa. – İstanbul: Ocak Yayıncılık. – 1024.
- Kunanbayev A. (2014) Nashihatler «Kara Sözlər» (çeviren: Zafer Kibar). – İstanbul: Türk Dünyası Vakfı. – 157.
- Topaloğlu, B. (2021) Ebû Mansûr el-Mâturîdî, Tevîlatü'l Kuran. IV cilt. – İstanbul: Ensar Neşriyat. – 464.
- Әліпхан М.К. (2020) Адамгершілік ілімі және Хәкім Абай. – Алматы: Қазақ кітабы. – 480.
- Дәдебаев Ж. (2015) Абайтану. Таңдамалы еңбектер. I том. – Алматы: Қазақ университеті. – 210.
- Исмайл Чалышқан (2016) Тәпсір әдістемесі. – Анкара: Ankara Okulu Yayınları. – 224.
- Кадир Гүнеш (2011) Арапша-Түрікше сөздік. – Ыстанбұл: Мектеп найынлары. – 1344.
- Кенжетай Д. (2008) Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы: Арыс, –360.
- Кенжетай Д. (2020) Ханафи құқық мектебі және қазақ діни танымы. – Түркістан, 2020. – Б. 161.
- Құдайбердиев Ш. (1988) Шығармалары / Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы. – 650.
- Құнанбаев А. (1977) Шығармаларының екі томдық жинағы. II том. – Алматы: Ғылым. – 312.
- Құнанбаев А. (2005) Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: Жібек жолы – 488.
- Мырзахметов М. (1993) Абайдың адамгершілік мұраттары. – Алматы: Рауан, - 278.
- Мырзахметов М. (1994) Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі. – 191.
- Мырзахметұлы М., Шойынбет Ж., Әліпхан М. (2009) Абай мұрасының өзекті мәселелері. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. – 140.
- Оразалы С. (2016). Абай және қазақ елінің болашағы. – Алматы: Ақбота. – 216.
- Палтөре Ы. (2012) «Абай Құнанбайұлының шығармаларында Құран және хадис мәтіндерінің интерпретациялануы» атты диссертация. – Алматы. – 232.
- Палтөре Ы. (2012) Абай шығармаларындағы иман концептісінің Құран және Хадис мәтіндерімен байланысы. ҚазҰУ хабаршысы, Шығыстану сериясы. № 3 (60). – 94-98.
- Сейтбеков С. (2011) Иман негіздері. – Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры. – 376.

### References

- Alipkhan M.K. (2020) Adamgershilik ilimi jane Hakim Abay [Moral teaching and Hakim Abay]. – Almaty: Qazaq Kitaby Press. – 480. (in Kazakh)
- Ebû Mansûr el-Mâturîdî (2017) Kitâbü't-Tevhîd [Kitab al-Tawhid]. (edited by: Bekir Topaloğlu, Muhammed Aruçi). – Ankara: Publications of the religious foundation of Turkey. – 580. (in Turkish)
- Dadebaev J. (2015) Abaytanu. Tandamalı enbekter. I tom. – Almaty: Qazaq universiteti. – 210. (in Kazakh)
- Garifolla E. (1994) Hakim Abaydın danalıq dūnietanımı. – Almaty: Atamura. - 200.
- İmam Beyhaki (2019) Allah'ın İsim ve Sıfatları [Allah's Names and Attributes]. – İstanbul: Ocak Yayıncılık. – 1024. (in Turkish)
- İsmail Caliskan (2016) Tafsir adistemesi [Methodology of Tasfir]. – Ankara: Ankara Okulu Yayınları. – 224. (in Turkish)
- Kadir Güneş. (2011) Arapça-Türkçe Sözlük. – İstanbul: Mektep Yayınları. – 1344. (in Turkish)
- Kenjetay D. (2008) Qoja Axmet Yasawi dūnietanımı. – Almaty: Arıs, –360. (in Kazakh)
- Kenjetay D. (2020) Hanafi quqıq mektebi jane qazaq dini tanımı. – Turkıstan, – 161. (in Kazakh)
- Kunanbayev A. (2005) Olender, poemalar, audarmalar men qara sozder [Poems, interpretations and obscenities]. – Almaty: Zhıbek zholy. – 488. (in Kazakh)

- Kunanbayev A. (1977) Shygarmalarinin eki tomdyq jinagy vol. II. – Almaty: Gylym. – 312. (in Kazakh)
- Kunanbayev A. (2014). Nasihatler «Kara Sözlər» (çeviren: Zafer Kibar). – İstanbul: Türk Dünyası Vakfı. – 157. (in Turkish)
- Myrzahmetov M. (1993) Abaydın adamgerşilik murattarı. – Almaty: Rauan, - 278. (in Kazakh)
- Myrzahmetov M. (1994) Abaytanu tarihy [History of Abay studies]– Almaty: Ana tili. – 191. (in Kazakh)
- Myrzahmetuly M., Shoyinbet Zh, Alipkhan M. (2009) Abay murasinin ozekti maseleleri [The main problems of the Abay heritage]. – Almaty: Abay University Press. – 140. (in Kazakh)
- Orazaly Sabden. (2016) Abay jane qazaq elinin bolashagy [Abay and the future of Kazakh]. – Almaty: Akbota. – 216. (in Kazakh)
- Paltore Y. (2012). «Ab ay Qunanbayulinin shigarmalarında Quran hane hadis matinderinin interpretatsiyalanui» atty dissertatsiya [a dissertation work on Interpretation of the texts of the Koran and Hadith in the works of Abay Kunanbayuly]. – Almaty, – 232. (in Kazakh)
- Paltore Y. (2012) Abaj shygarmalaryndagy iman konceptisining Kuran zhəne Hadis mətinderimen bajlanysy [The relationship of the concept of faith in the works of Abai with the texts of the Koran and Hadith]. Bulletin of KazNU, Oriental Studies Series. № 3 (60). – 94-98. (in Kazakh)
- Qudayberdiyev Sh. (1988) Şigarmalari / Olender, dastandar, qara sozder [Works / Poems, epics, obscenities]. – Almaty: Zhazushy. – 650. (in Kazakh)
- Seitbekov S. (2011) Iman negizderi [The Basics of Faith]. – Almaty: İslam madeniyeti men bilimin koldau kori. – 376. (in Kazakh)
- Topaloğlu B. (2021) Ebû Mansûr el-Mâturîdî, Tevilatü'l Kuran. IV cilt. [Abu Mansur al-Maturidi, Tawilatul Quran. Volume IV]. – İstanbul: Ensar Neşriyat. – 464. (in Turkish)